


# ТАБЫСТЫЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН АДАЛДЫҚ ТУРАЛЫ РМІ КОДЕКСІ



# БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ХАТЫ

Құрметті әріптестер,

ФМИ (PMI) компаниясында бізді саланы өзгертетін бизнес трансформациясына қол жеткізуге деген ортақ мақсатымыз біріктіреді. Бұл ФМИ (PMI) үшін керемет уақыт және мен біздің компаниямызды түтінсіз болашақ туралы көзқарасымызды жүзеге асыруға жақындату құрметіне ие болғанымды мақтан тұтамын.

Өздеріңіз білетіндей, мұндай өршіл талпыныстарда қиындықтар болмай қоймайды – трансформация тәуекелге баруды, белгісіздікпен бетпе-бет келуді және кейде сәтсіздікті қабылдауды талап етеді. Сонымен қатар және одан да маңыздысы, ФМИ (PMI) компаниясында бізді нормативтік талаптарды, этиканы және адалдықты сақтауға деген бейілділігіміз біріктіреді, бұл осы ФМИ (PMI) компаниясының Жетістікке жету нұсқаулығында және біздің Әдеп кодексімізде ресми түрде құжатталған.

ФМИ (PMI) компаниясының трансформация процесі кезінде және одан тыс уақытта қиындықтар туындаған жағдайда адалдықтың, сыйластықтың және әділдіктің негізгі құндылықтарына сүйенуді жалғастыру аса маңызды. Негізгі құндылықтарымыздан безудің құны өте жоғары: бір-бірімізден, тұтынушыларымыздан, акционерлерімізден және қауымдастықтарымыздан жинаған сенімімізді жоғалту қаупі төнеді. Сондықтан, біз қолданыстағы заңдар мен ережелердің, ішкі саясаттарымыздың және құндылықтарымыздың мазмұны мен рухына толық сәйкес келетін ерекше нәтижелерді күтеміз.


Бұл Кодексте біздің принциптеріміз көрсетіледі және ФМИ (PMI) компаниясында бәріміз ұстануға тиіс ережелер мен нұсқаулар мәлімделеді. Кодексімізге қатысты сұрақтарыңыз немесе алаңдаушылықтарыңыз болса, менеджеріңізге, Қызметкерлер басқару бөлімі (P&C) бизнес серіктесіңізге немесе этика және нормативтік талаптарға сәйкестік жөніндегі серіктесіңізге хабарласыңыз.

ФМИ (PMI) компаниясында нормативтік талаптарды, этиканы және адалдықты сақтауға деген бұлжымас бейілділігіңіз үшін сізге алғыс айтамыз.

Құрметпен,



Яцек Ольчак (Jacek Olczak)



# МАЗМҰНЫ

Бас атқарушы директордың хаты

## 02 Басты идеялар

---

### Біздің тәжірибелер

- 06 Ашық айту
- 08 Жұмыс орнының тұтастығы
- 10 Маркетинг және сату
- 12 Бәсеке
- 14 Парақорлыққа қарсы және жемқорлық
- 16 Ақпаратты қорғау
- 20 Компания мәлімдемелері және есептік құжаттары
- 22 Ғылыми тұтастық
- 24 Қаржы және сауда
- 26 Мүдде қайшылықтары және сыйлар мен өкілдік шығындар
- 28 Жабдықтау тізбегінің жауапкершілігі

---

## 30 Супервайзер жауапкершілігі

## 32 Қолдану мүмкіндігі және бас тарту



# БАСТЫ ИДЕЯЛАР

---



# БАСТЫ ИДЕЯЛАР

## Біз не істейміз

**Іс-әрекет алдында біз кідіреміз.** Шешімдеріміз уақыт сынағынан өтуі қажет. Соңғы іс-әрекет алдында жоспарлап жатқан нәрсеміздің іс жүргізудің «PMI жолымен» үйлесетінін өзімізден сұраймыз, соның ішінде:

**Тиісті әдепті пайымдау;**

**Осы Нұсқаулық және**

**Заңнама.**

Біз осы қағидаларды бұзбаймыз. Заңдар орынсыз болуы мүмкін, біз олармен келіспеуіміз мүмкін, бірақ біз оларды бәрібір орындаймыз. Бәсекелестер төмен стандарттарды ұстануы мүмкін, бірақ біз бәрібір өз стандарттарымызды сақтаймыз. Ережелердің жеткілікті болмайтынын түсінгеніміз айтарлықтай маңызды; олар тиісті әдепті пайымдау қажеттілігінің орнын баспайды.

# БАСТЫ ИДЕЯЛАР

## Біз оны қалай істейміз

**Тиісті әдепті пайымдау шыншылдықты, құрметті және әділдікті талап етеді.** Осы ортақ әдеп құндылықтары іс жүргізудің «PMI жолына» жатады. Олар бізді PMI қызметкерлері ретінде біріктіреді және бізге бағыт береді және осы Нұсқаулықтың негізін қалайды.

**Шыншылдық.** Бәрі сенімге байланысты: компания ішіндегі және сыртындағы адамдар бізге сенеді ме және сенуі қажет пе, сөзіміз ісімізбен ұштасады ма? Шынын айтқанда, жайттарды бұрмалайтын немесе адамдарды алдаудың өзге жолдарын іздейтін адаммен ешкім жұмыс істегісі, кеңес алғысы немесе өнімдер сатып алғысы келмейді. Сенімділіктің ешбір нәрсені жасырмай әрекет етуден туындайтынын түсінеміз.

**Құрмет.** Барлық адамдар және олардың идеялары құрметке лайық. Құрмет абыройдан, мақұлдаудан, тілектестіктен және мейірімділіктен құралады. Қызу келіспеушілік, наразылық, тіпті қайшылық құрметпен ұштасқан кезде ілгерілеу, ал кері жағдайда жойқын күшке айналады.

**Әділдік.** Бір адамға әділ көрінуі мүмкін нәрсе басқаларға әділ сезінбеуі мүмкін. Әділ болу қабылданған шешімге қатысы немесе ықпалында қалған барлық адамдар жөнінде ойлауды талап етеді. Әділ болу адамдарға кезігетін барлық жағдайларды ескеруді талап етеді. Кейбір жағдайларда әділ болу көп ойлауды және көп жігерді талап етеді. Әрі белгісіздік болады. Ережелерді бірдей қолданбау әділетсіз, мысалы, адамдарды немесе олардың идеяларын жынысына, ұлтына, дініне, жыныстық қалауына қарай және басқа осындай факторларға байланысты алалау.

**Тиісті әдепті пайымдау әрі көзқарасты ауыстыруды талап етеді.** Басқа адамдардың не ойлағаны маңызды. Тұтынушыларымыз, әріптестеріміз және жұртшылық біздің ісімізге қызығушылық танытады. Олардың барлығы біздің сөзімізге және біздің ісімізге сенім артуы керек. Іс-әрекет алдында іс-әрекеттеріміз олардың құндылықтарымен қайшы келеді ме деп өзімізден сұраймыз. Барлығының біз қолға алатын барлық нәрсемен келісе бермейтінін мойындаймыз, бірақ іс-әрекетіміздің шыншыл, сыйлы және әділ болатынына үнемі сенімді болуымыз қажет.

# БАСТЫ ИДЕЯЛАР

## Нені есте сақтауымыз қажет

**Шын өмірде біз анық нәрселерді өткізіп жіберіп аламыз.** Қысым, шаршағандық және күйбең тіршілік шешім қабылдауымызға кедергі келтіреді. Барлығымыз алаңдаймыз және барлығымызда жарқын көрінетін тұстар болады. Әрекет етпес бұрын, кідіріп, іс-әрекеттің «PMI жолына» — осы Нұсқаулыққа, заңнамаға сәйкестігін және тиісті әдепті пайымдау белгілерінің бар-жоғын тексеріңіз. Соңғы әрекет алдында ойлануға үнемі уақыт болады.

**Ережелер тиісті пайымдау орнын баспайды.** Ережелер нысаналы мақсатқа қарсы бағытталуы мүмкін. Тиісті пайымдау осындай қателерге жол бермейді. Егер заң немесе компания ережесі орынсыз болса, өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыру үшін ашық айтыңыз. Тіпті келіспесек те, өзгеріс енгізілгенше талапты орындай беретінімізді түсініңіз, себебі біз заң нормаларын адал ниетпен құрметтейміз.

**Барлық жауаптар ешкімде жоқ.** Жарайды, тиісті жауаптарды табуға көмек сұрауға болады. Бұл істе біз біргеміз. Қиын таңдаулар жөнінде басқалармен сөйлесіңіз. Тиісті пайымдау басқаларды араластырып, басқалардың көзқарасын ескеріп жетілдіруге болатын дағды болып табылады. Бұл жерде тек жеке өзіңіз емес, көмек сұраған кезде барлығымызға үйрену мүмкіндігін беретініңізді есте сақтаңыз.

**Біз қателер жөнінде ашық айтамыз, олардан үйренеміз және оларды мойындаймыз.**

Барлығымыз қате жібереміз. Олар тіпті не болғанын тиісті адамдар білгенде пайдалы болады және түзету тәжірибе негізінде жасалады. Бірақ қате және іс жүргізу әдісімізді елемей — заң, осы Нұсқаулық талаптарын немесе ортақ әдеп құндылықтарын сақтамау арасында айырмашылық бар екенін түсініңіз. Елемей барлығымызды қатерге төндіреді және бұл жерде оған орын жоқ.

# АШЫҚ АЙТУ





# АШЫҚ АЙТУ

## Біз не істейміз

Бір нәрсені жақсарту мүмкін болса немесе ол дұрыс болмаса, біз шара қолданамыз.

Егер бір нәрсенің дұрыс емес екенін байқасаңыз, бұны ашық айту керек. Ашық айтқан кезде компания тыңдайды және әрекет етеді. Жақсарту мақсатында ашық айту сондай маңызды. Адал ниетпен ашық айтқан кезде PMI сізге толық қолдау көрсетеді.

## Біз оны қалай істейміз

**Жақсарту туралы идеяларыңызбен және тәжірибеңізбен бөлісіңіз.** Егер талап немесе үдеріс тиімді жұмыс істеуді қиындатса немесе мақсат үшін тым күрделі көрінсе, онда ол туралы айтыңыз. Ережелер мен үдерістер мағыналы болуы қажет және жұмысыңызды орындауға көмегі тиюі қажет. Егер компанияны ықтимал іскерлік, құқықтық немесе нормативтік қауіптіліктен қорғау үшін іс-әрекеттер қолға алынбағанын сезсеңіз, ол туралы айтуыңыз қажет.

## Анық болмаған кезде сұрақтар қойыңыз.

PMI компаниясы барлығымызға ұйымның әрбір деңгейінде сұрақтарға жауап бере алатын, мәселелерді шеше алатын және кеңес бере алатын әріптестермен қатынасуға мүмкіндік береді. Егер не істеу керек екендігін білемесеңіз, сұраңыз — сізге көмек береді.

## Дұрыс жүрмей жатқан нәрселерді тоқтатыңыз.

Қателер болып тұрады. Олар орын алған кезде оларды түзету жұмысыңыздың бөлігі болып табылады. Егер бір нәрсе дұрыс болып көрінбесе немесе осы Нұсқаулыққа, Қағида және тәжірибеге немесе заңға қайшы болып көрінсе, ашық айтуға міндеттісіз. Ықтимал әдеп және бақылау мәселесін елемеу нәтижесінде айтарлықтай кішігірім мәселе ірі мәселеге айналып кетуі мүмкін және әріптестеріңізге және компанияға шынымен зиян келтіруі мүмкін.

## Нені есте сақтауымыз қажет

**Біз ықтимал бұзушылық жайттарын хабарлауды тергейміз.** Әдеп және бақылау бөлімі алаңдаушылықтарды тергеу үшін қызметкерлерді бірнеше міндет бойынша оқытып шықты. PMI тергеу стандарттары барлық әдеп және бақылау тергеулерін реттейді және үдерістің әділдігін, бейтараптылығын және ізеттілігін сақтауға бағытталған тергеуден кейінгі сапаны қамтамасыз ету бағдарламасын жүргіземіз.

**Егер сенімді болмасаңыз, сұраңыз.** Егер ашық айтқан кезде не болатыны жөнінде уайымдасаңыз, жергілікті басқармамен немесе Әдеп және бақылау бөлімімен сөйлесіңіз. Олар алаңдаушылығыңызды шешіп, үдеріс жөнінде болуы мүмкін сұрақтарға жауап бере алады.

## Қалай ашық айту керек

### Ашық айтудың көптеген жолы бар. Мыналарға хабарласыңыз:

- Супервайзеріңіз немесе бөлім басшысы
- Кадр бөлімі
- Заң бөлімі
- Әдеп және бақылау бөлімі:
  - + PMI.EthicsandCompliance@pmi.com
  - + Аймақтық әдеп және бақылау директоры
  - + Әдеп және бақылау тобының басшысы

### Үшінші тарап жүргізетін Бақылаудың анықтама желісі тәулігіне 24 сағат, аптасына жеті күн, PMI компаниясында сөйленетін барлық тілдерде қолжетімді.

Анықтама желісіне онлайн немесе телефон арқылы хабарласыңыз. Жергілікті телефон нөмірлері интражеліде көрсетілген. Қабылдаушы төлейтін қоңырауларға рұқсат етіледі.

Жергілікті заңдар шектеу қоятын елдердің біреуінен шалмасаңыз, Анықтама желісін анонимдік түрде пайдалануға болады. Егер аймағыңыздағы анонимдік шектеулерін білмесеңіз, Анықтама желісінен сұраңыз немесе Заң бөліміне хабарласыңыз.

# ЖҰМЫС ОРНЫНЫҢ ТҰТАСТЫҒЫ



# ЖҰМЫС ОРНЫНЫҢ ТҰТАСТЫҒЫ

## Біз не істейміз

Біз ізетті, жан-жақты және қауіпсіз жұмыс ортасын сақтаймыз.

Бәрімізде жұмысымыздың көрсеткіштері негізінде атсалысуға және табысты болуға тең мүмкіндік болуы қажет. Бұл орын алған кезде барлығына пайдасы болады. Дискриминация, қысымшылық және қауіпті жұмыс жағдайлары әділетсіздік болып табылады. Олар іс жүргізуімізге қарама-қарсы.

## Біз оны қалай істейміз

**Біз еңбекке қатысты шешімдерді көрсеткіш негізінде қабылдаймыз.**

Жасына, бала күтімі жауапкершілігіне, шектеулі мүмкіндігіне, ұлтына, жынысына, жыныстық сәйкестігіне, жыныстық ориентациясына, дініне, жүктілігіне немесе өзге қорғалатын жеке сипаттарына қарай адамдардың атсалысу немесе алға жылжу мүмкіндігін шектемеңіз.

**Қысымшылыққа осында жол берілмейді.**

Өзгелерге құрметпен қараңыз. Дәрекілікке, қорлауға немесе әдепсіз іс-әрекетке жол бермеңіз. Балағаттау, сотқарлық, жыныстық алымсақтық, бопсалау және дәрекілік көрсету орынсыз іс-әрекеттің мысалы болып табылады. Әрине, зорлық және зорлық қатерлері құпталмайды.

**Қауіпсіздікті басымдыққа**

**айналдырыңыз.** Компанияның және мемлекеттің денсаулық сақтау, қорғау және қауіпсіздік жөніндегі барлық ережелерін сақтап, өзіңізді және айналаңыздағы адамдарды жарақаттан қорғаңыз. Басшылығыңызға барлық жарақаттар және оқыс жағдайлар туралы хабарлаңыз. Алкогольді немесе рецепт бойынша берілетін дәрі-дәрмекті қоса рұқсат етілген немесе рұқсат етілмеген заттарды қабылдаған кезде әлсіреу немесе улану күйінде жұмыс істеу қауіпті және рұқсат етілмеуі тиіс. Жұмысқа қару-жарақ әкелмеңіз немесе компания тәжірибелеріне сәйкес осындай әрекетке нақты рұқсат алмайынша компания қызметін жүзеге асырған кезде оларды өзіңізбен бірге алып жүрмеңіз.

## Нені есте сақтауымыз қажет

**Тоқтаңыз және тыңдаңыз.** Іс-әрекет тіпті әдейі болмаса да, әдепсіз және шектен тыс болуы мүмкін. Адамдар кейде ойланбай өзгелерді ренжітеді және компанияны ұятқа қалдырады, себебі олар тіпті кідіріп, өзгелердің көңіл-күйіне немесе жауабына құлақ аспайды немесе түсінбейді. Мысалы, егер өзіңізді отырғандар арасында ең ақылды, ал өзгелерде жақсы идеялар жоқ деп ойласаңыз және осылайша әрекет етсеңіз, бұл айналаңыздағы адамдарға құрмет көрсетпеуіңіздің және түсінбеуіңіздің айғағы болуы мүмкін. Сіз оларды ренжітіп, терең идеяларды елеусіз қалдыруыңыз мүмкін.

**Кейде адамдар қорқып немесе ізет көрсетіп ешбір нәрсе айтпайды, бірақ олар бәрібір өкпелі болады.** Шыдап, бірақ қиналатын адамды және белгілі бір қатынасты немесе қимылды құптайтын адамды ажырата біліңіз. Олардың қатынасына өзіңіздің реакцияңыздың оларға нені білдіруі мүмкін екенін ескеріп, басқаларға әділ болыңыз. Егер бір нәрсені жек көрсеңіз немесе біреу сіздің сөзіңізді дұрыс түсінбеген деп ойласаңыз, бір нәрсе айтыңыз - басқалардың сіздің қалай сезінетінін білдіріңіз немесе не айтқыңыз келгеніңізді топшылауын күтпеңіз.

**Адамдар жұмыста пікірлерін ұялмай жеткізуі қажет.** Қызметіміз сан алуан ұстанымдар мен пікірлердің пайдасын көруде. Біз барлық жұмыскерлер өздерін жайлы сезінетін әрқелкі және жан-жақты ортаны қалыптастырамыз. Қажеттіліктеріміз және әдістеріміз әр түрлі, сондықтан осы айырмашылықтарды ескеруге әділ жағдайлар жасауымыз қажет.

**Стандарттарымыз кеңседен тыс шарттарда қолданылады.**

Қашықтағы жұмыс нысандары, сыртқы жиналыстар, іссапарлар және ұжымның әлеуметтік шаралары жұмысқа қатысты шарттарға жатады. Мысалы, қысымшылықтан қорғау ережелері зейнетке шығарып салу кешінде орын алатын іс-әрекетке қолданылады. Барлық жағдайларда іс-әрекетіңіздің еріптестеріңізге және компания беделіне қалай әсер ететінін ескеру қажет.

**Жұмыскердің өкілдік етуі.** Біз жұмыскерлердің кәсіподақтарға және қалаған өкілдік ұйымдарына мүше болу немесе мүше болмау құқығын қадірлейміз.

# МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ САТУ



# МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ САТУ

## Біз не істейміз

Біз өнімдерімізді жауапты түрде нарыққа шығарамыз және тек ересек адамдарға сатамыз.

Брендтеріміз дүниежүзіндегі брендтердің ішінде ең құндыларына жатады. Біз бренд құндылығын жасақтауда және қамтамасыз етуде шығармашылдықты және жаңашылдықты қолданамыз. Әрі біз шылым өнімдерінің тұтынушыларға денсаулық қауіптіліктерін төндіретінін білеміз.

Осыған орай, біз тек жауапты сату және маркетинг іс-әрекеттерін жүргіземіз.

## Біз оны қалай істейміз

**Біз өнімдерімізді нарыққа шығарамыз және түтінсіз өнімдерді тұтынатын немесе пайдаланатын ересек адамдарға сатамыз.**

Ересек адамдар түтінсіз өнімдерді тұтынуға немесе пайдалануға дәйекті шешім қабылдай алады. Өнімдеріміз және маркетинг пен сату іс-әрекеттеріміз түтінсіз өнімдерді тұтынатын немесе оларға ауысқан ересек адамдарға арналған. Жетекші шылым компаниясы ретінде жасөспірімдердің өнімдерімізді пайдалануының алдын алу ісіне атсалысу жауапкершілігіміз бар.

**Біз тұтынушыларымызға өнімдеріміздің денсаулыққа әсерлері туралы хабарлаймыз.**

Тұтынушыларға арналған барлық жарнамаларда және шығыс материалдарының орауыштарында тіпті заң талап етпесе де, денсаулық сақтау ескертулері болуы тиіс.

**Маркетинг шынайы және нақты болу керек.**

Маркетинг пен сату материалдарымыздағы өнімдеріміз туралы ақпарат немесе талаптар сенімді жайтқа негізделу керек. Денсаулыққа қатысты өнім шағымдарын біздің ашық түрде жариялаған ғылыми дәлелмен негіздеу керек.

**Біз заңды сақтаймыз.** Маркетинг пен сату ережелері әдетте күрделі болады және оларды түсіну үшін нұсқаулық қажет болады. Егер заңмен немесе компания саясаттарымен қайшы келуі мүмкін іс-әрекеттер туралы білсеңіз, ашық айтуыңыз қажет.

## Нені есте сақтауымыз қажет

**Барлық маркетинг шаралары кеңес алу үдерісінен өтуі тиіс.** Өте жоғарғы стандартқа жауап беру керектігінен, үдерісіміз тиісті сараптамамен сенімді және жеке пайымдау мен шығармашылдықты құрметтеуді біріктіреді. Ұсынылған маркетинг шарасын тексеру кезінде біз әр түрлі тәжірибесі бар түрлі лауазымдағы адамдарды тартамыз.

**Дәстүрлі және түтінсіз өнімдер мүлдем басқа өнімдер.**

«Біз оны қалай істейміз» ішінде жеткізілетін негізгі қағидаларымыз барлық өнімдерге қолданылады, бірақ осы қағидалар дәстүрлі және түтінсіз өнімдерге арналған нақты ережелер мен үдерістер арқылы жүзеге асады. Мысалы, PMI 4-C қағидасы дәстүрлі өнімдерге қолданылады, ал тиісті түрлендіру әдістері электрондық темекіні қыздыру-жақпау өнімдеріне арналған.

**Сонымен қатар бізге үшінші тараптардың іс-әрекеттеріне қарай баға беріледі.**

Маркетинг пен сату іс-әрекеттері әдетте агенттіктер, жүргізушілер және кеңесшілер сияқты үшінші тараптарды қамтиды. Олардың іс-әрекеттері өздеріміздің іс-әрекеттеріміз сияқты компанияға әсер етеді. Егер маркетинг пен сату іс-әрекеттерінде үшінші тараптармен жұмыс істесеңіз, оларға қағидаларымыз туралы хабарлаңыз және құндылықтарымызға кері әсер етуі немесе ережелерді бұзуы мүмкін кез келген нәрселерге сақтық танытыңыз.

# БӘСЕКЕ



## Біз не істейміз

**Біз әділ, бәсекелі нарықта өркендейміз.**

Өнім сапасы, тұтынушы пікірлері, жаңашылдық, баға және бәсеке заңдары алға қоятын өзге құралдар негізінде қарқынды түрде бәсекелесеміз. Біз бәсекелі нарықтың қызметіміз және тұтынушыларымыз үшін жағымды екенін білеміз.

## Біз оны қалай істейміз

**Біз бәсекелестерімізден бөлек әрекет етеміз.** Бәсекелестермен баға немесе өзге бәсеке тұрғысынан құпия тақырып жөнінде талқылауды немесе келісуді тіпті ойыңызға алмаңыз. Егер жұмысыңыз бәсекелеспен әрекеттесуді талап етсе, тиісті түрде әрекеттесудің әдісі жөнінде Заң бөлімінен кеңес алыңыз. Баға белгілеуді, брендті енгізуді, сауда бағдарламаларын немесе өзге бәсеке тұрғысынан құпия тақырыптарды қамтитын әңгімелерден бас тартыңыз.

**Біз іскерлік серіктестермен қарсыластарды жою немесе бәсекеге зиян тигізу мақсатында әрекет етпейміз.**

Егер тұтынушылар және жеткізушілер қарсыластарды жойса немесе қарсыластардың бәсекелесу шығындарын көбейтсе немесе егер олар таратушылар, сатушылар немесе жеткізушілер арасындағы бәсекеге зиян тигізсе, тұтынушылармен және жеткізушілермен уағдаластықтар қиындауы мүмкін. Нарықтың едәуір бөлігін қамтитын жерлерде, біз, сауда және жабдықтау тізбегімен әрекеттескен кезде құпиялылықты сақтауымыз қажет.

## Нені есте сақтауымыз қажет

**Дұрыс түсіну көмекке жүгінуді білдіреді.** Бәсеке ережелері күрделі және қисынға сыймауы мүмкін. Заң бөлімі және үлестес ұйымның басқармасы нарығыңызға не жарамды екенін түсінеді және нұсқау ұсына алады. Әрекет етпес бұрын, шешіміңіздің бәсекелестермен ынтымақтастықта ма немесе қарсыластарды жоюға немесе бәсекелесуін шығынды етуге арналған ба деп өзіңізге сұрақ қойыңыз. Бұл жағдайда басқармаңызбен және Заң бөліміндегі әріптестеріңізбен кеңесуіңіз қажет.

**Бәсекелестермен кез келген әрекеттестік құқықтық мәселелерді туындатуы мүмкін.** Әдетте, жетік ұстанымымыз — бәсекелестермен қажетсіз байланыс жасамау, әсіресе, жұмысыңыз немесе жағдайлар баға белгілеудің, сауда шарттары мен бағдарламаларының немесе өзге бәсекелі тақырыптардың талқыланып жатыр деген әсер қалдырса. Егер біреу осындай тақырыптар жөнінде әңгімені бастаса, сөйлесуді тоқтатыңыз. Айналаңыздағы адамдарға бәсекеге қарсы келісімдерге қатысуға ниетіңіздің жоқтығын анық айтыңыз. Содан кейін дереу Заң бөліміне хабарласыңыз.

**Бәсекелесу тәсілі нәтижелер секілді маңызды.** Жұмыс көлемін және табысты ұлғайтудың кейбір жолдары іс жүргізуімізде қолданылмайды. Осылайша, бәсекелестердің іс-әрекеттері жөнінде ақпарат жинау үнемі дұрыс бола бермейді. Ақпарат түрі және оны жинау әдісі әдетте заң шектеулеріне бағынады. Қолданылатын жергілікті ережелерді анықтау және орындау жөнінде жергілікті заңгерлермен бірігіп жұмыс істеңіз.

# ПАРАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚ





# ПАРАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚ

## Біз не істейміз

Біз ешкімге, ешбір жерде, ешбір себеппен пара бермейміз.

Парақорлық заң ережесін бұзады және қоғамның әл-ауқатын төмендетеді. Жемқорлық іс-әрекеттеріне қатысудан бас тартуымыз кейбір нарықтарда іс жүргізуді қиындатуы мүмкін екенін білеміз, бірақ РМІ компаниясында парақорлыққа орын жоқ.

Біз осы тұрғыда біріздіміз және нақтымыз; әрі уақыт өте келе іскерлік мақсаттарымызға осындай орынсыз төте жолдарды қолданбай қол жеткізе алатынымызды бірнеше мәрте дәлелдеп келеміз.

**РМІ 14-С:** Мемлекеттік қызметкерлермен және іскерлік серіктестермен әрекеттесу. Саяси қызмет

## Біз оны қалай істейміз

**Мүлдем пара ұсынбаңыз немесе бермеңіз немесе өзгелерді сіздің атыңыздан пара беруге итермелемеңіз.** Ақша, сыйлық, көмек немесе өкілдік шығын сияқты құнды зат ұсынған кезде өте сақ болу қажет, себебі бұл адамның кәсіби іс-әрекетіне немесе шешімдеріне орынсыз ықпал ету әрекеті деп есептелуі мүмкін. Ақыл-ойға салыңыз және күмәнді болған кезде не істеуге болатынын және не істеуге болмайтынын түсіну үшін Заң бөліміне хабарласыңыз.

**Тіпті жергілікті заң бойынша рұқсат етілсе де немесе бұл әрекет қоғамда «қалыпты» болса, ынталандыру төлемдерін жасамаңыз.** Ынталандыру төлемдері — қалыпты үдерісті немесе қызметті жеделдету үшін мемлекеттік қызметкерлерге берілетін шартты төлемдер немесе кішігірім сыйлар. Егер осындай төлемді жасау қажеттілігін сезінсеңіз немесе қысым көрсеңіз, оны жасамаңыз. Есесіне, Заң бөлімімен бұндай жағдайдан қалай шығу керек екендігі туралы кеңесіңіз.

**Мемлекеттік қызметкерлерге берілген құнды заттарды рәсімдеңіз.** Мемлекеттік қызметкерлерге берілетін сыйлар және өкілдік шығындар құжаттарын үнемі сақтап қою қажет. Бұл нақты есептік құжаттаманы жүргізу жөніндегі заң талаптарын орындайды және қате пікірлердің қалыптасуына жол бермейді.

## Нені есте сақтауымыз қажет

**Мемлекеттік қызметкерге құнды затты ұсыну немесе беру алдында РМІ компаниясының және жергілікті талаптарды түсініп алыңыз.** Бір елде орынды болуы мүмкін іс-әрекет басқа елде заңсыз немесе орынсыз болуы мүмкін. Мысалы, мемлекеттік қызметкерді асқа шақыру бір елдерде заңсыз болып табылады, бірақ басқа елдерде рұқсат етіледі және үйреншікті іс болып табылады.

**Егер пара немесе ынталандыру төлемі жалғыз шара болып көрінсе ше?** Егер пара беру қажет деп ойласаңыз немесе біреу пара беруге қинаса, бұны ашық айту керек. Компания дұрыс шешім табу үшін тиісті адамдарды тартады. Біз әдетте үкіметтің жоғарғы деңгейлеріне немесе бизнес қауымдастықтарына жүгініп, мәселелерді шешеміз. Біз дереу мәселені шеше алмаған жағдайларда іскерлік мүмкіндіктерден бас тартамыз немесе мақсаттарды қайта қарастырамыз.

**Мемлекеттік қызметкер анықтамасы сізді таң қалдыруы мүмкін.** Мемлекеттік қызметкерлермен жұмыс істеген кезде өте сақ болу қажет. Себебі заңдарда мемлекеттік қызметкерлермен әрекеттесуге қатысты өте нақты талаптар болады. Мемлекеттік қызметкерлер құрамына ұлттық және жергілікті үкімет қызметкерлері және саяси үміткерлер кіреді. Мемлекеттік қызметкер анықтамасына мемлекеттік газет ұжымында істейтін журналисттер немесе тіпті мемлекет иелігіндегі жанармай станциясының басшысы сияқты мемлекет иелігіндегі кәсіпорындардың қызметкерлері де жатуы мүмкін.

**Үшінші тараптар ережелерімізді сақтауы қажет.** Біздің атымыздан мемлекеттік қызметкерлермен әрекеттесетін кез келген үшінші тарап біз орындайтын ережелерді сақтауы және пара беруден (тікелей немесе араға адам салып) бас тартуы тиіс.

# АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ



# АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ

## Біз не істейміз

Бәсекелес, әдеп және заң мақсаттарында ақпаратты қорғаймыз.

Көбінесе ақпаратпен бөлісу жақсы нәрсе, бірақ кейде бұл дұрыс болмайды. Пайдаланылатын ақпарат туралы ойлаңыз және оны жинауға, өңдеуге, сақтауға және таратуға қатысты біз белгілеген нақты міндеттемелерді анықтаңыз.

## Біз оны қалай істейміз

**Қажырлы еңбегіміздің арқасында қол жеткізген бәсекелестер алдындағы артықшылықты қорғаңыз.** Егер ақпарат бәсекелестер алдындағы артықшылықтың туындауына әкелсе немесе егер бәсекелес оны иемденгісі келсе, бұл қорғауды қажет ететін коммерциялық жағынан құпиялы ақпарат болуы ықтимал. Коммерциялық тұрғыдан құпия ақпаратқа жаңа өнімдер мен технологиялардың техникалық сипаттары, маркетинг пен кәсіпорын істері жөніндегі стратегиялар, ғылыми-зерттеу деректері, бюджеттер және өзге қаржылық ақпарат жатады.

**Зияткерлік меншік құқықтарымызды сақтаңыз.** Жақсы идея қорғалмаған кезде құндылығын көптеген жағдайда жоғалтады. Зияткерлік меншікті серіктестерді қоса PMI компаниясынан тыс кез келген тұлғамен бөліспес бұрын тиісті қорғау жүйесінің бар екеніне көз жеткізіңіз. Авторлық құқықтардың, патенттердің, сауда белгілерінің және зияткерлік меншік құқықтарының өзге түрлерінің идеяларымыз бен жұмыс өніміміздің құндылығын қалай қорғайтынын түсіну үшін Заң бөліміне хабарласыңыз.

**Жиналатын және пайдаланылатын деректер негізіндегі адамдарды құрметтеңіз.** PMI үлестес ұйымдарының адамдар туралы ақпарат жинауына және оны қалыпты іскерлік мақсаттарда пайдалануына рұқсат етіледі (мысалы, кадрлар, маркетинг және т.б.), бірақ құпиялылықты қорғаудың негізгі ережелерін сақтау шартымен. Негізгі ережелер:

- 1) Деректер негізіндегі адамдардың құпиялылығын орынсыз бұзбайтын пайдалану үшін нақты, орынды, қалыпты іскерлік мақсатты **көрсету**;
- 2) Осы адамдарға мақсатты **хабарлау**;
- 3) **Ақпаратты әділ түрде пайдалану**, мақсатқа жету үшін қажеттіден көбірек ақпаратты пайдаланбау және мақсатқа жеткен кезде оны жою (немесе анонимдік ету);
- 4) Рұқсатсыз қатынастың алдын алу үшін тиісті қорғау шараларын **енгізу**;
- 5) **Оның дәлдігін қамтамасыз ету** және ақпарат негізіндегі адамдар сұраған кезде оған қатынасты беру; және
- 6) Кез келген үшінші тараптардың ақпаратты бізбен бірдей жолмен қорғауға міндетті екеніне **көз жеткізу**.

# АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ

Біз оны қалай істейміз (жалғасы)

**Ішкі ақпаратты жария етуді жүргізбеңіз немесе**

**ынталандырмаңыз.** Сізде тиісті инвестордың құнды қағазды сатып алу немесе сату шешімін қабылдауында маңызды деп есептеуі мүмкін жалпыға жария етілмеген ақпарат болуы мүмкін. Тиісті пайымдау және заңдар осы ақпаратты құнды қағаздар сатып алу немесе сату немесе басқаларға (зайыбыңыз, әріптесіңіз, досыңыз, брокер және т.б.) «кеңес беру» мақсатында пайдалануға жол бермейді. Заң бөлімінің Корпоративтік хатшы тобы ішкі ақпаратты жария ету және байланысты тақырыптарды түсіндіруге және сізде болуы мүмкін кез келген сұрақтарға жауап беруге дайын.

**Өзгелердің құпиялылығын және зияткерлік меншік**

**құқықтарын сақтаңыз.** Өзге адамдардың құпияларын немесе зияткерлік немесе өзге меншігін ұрламаңыз. Бұл басқа компанияның құпия үдерісі сияқты маңызды нәрсеге және Интернетте табылған авторлық құқығы бар кескін сияқты кішігірім нәрсеге қолданылады.

**Сұралмаған идеялардан абай болыңыз.** Егер компаниядан

тыс біреу сізге сұралмаған идеясымен келсе, идеяны пайдаланбас немесе бөліспес бұрын дереу Заң бөліміне хабарласыңыз. Бұл әрекет үшінші тараптың бізде бұрыннан бар идея үшін ақы талап ету немесе бізді идеяны ұрлап алды деп кінәлау қауіптілігін азайтады.



# АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ

## Нені есте сақтауымыз қажет

**Құпиялы болып-болмауына қарамастан, жұмыс істеген нәрсеміз тиісті әдеп пайымдауының, заңнаманың және осы Нұсқаулықтың сынағынан өтуі қажет.** Құпиялы ақпаратты жоғалту ұят болғанымен, ақпараттың өзі ұятқа әкелмеуі қажет екенін есте сақтаңыз. Біз ақпаратты коммерциялық, заң және әдеп мақсаттарында қорғаймыз — ұнамсыз болса да, ешбір нәрсені жасырмаймыз, адамдар білуге құқылы.

### **Ағаттық ақпарат жоғалуының басты себебі болып табылады.**

Кейде бұған ұрланған шифрланбаған қолкомпьютер, USB дискісі немесе пойыздағы құпиялы мәселе жөніндегі сөйлесу жатады. Басқа уақытта тиісті ақпаратты қорғау шаралары енгізілмес бұрын сыртқы серіктестермен іскерлесу құштарлығы тым жоғары болады.

### **Ақпарат ұрлау үшін пайдаланылатын әдістер үнемі өзгеріп**

**отырады.** Технологиямыз ақпаратты қорғауға көмектеседі, бірақ нағыз қорғанымыз сізсіз. Әр нәрсеге күдікпен қараңыз. Кіммен істес болып жатқаныңызды біліңіз және PMI қызметкерлерінің атын жамылу ұрлауды көздейтін қаскүнемдер жиі пайдаланатын айла екенін есте сақтаңыз.

## ҚОСЫМША АҚПАРАТ АЛУ

**PMI 1-C:** Компания мәліметтерін басқару

**PMI 3-C:** Жеке деректерді қорғау

**PMI 6-C:** Зияткерлік меншік құқықтары

**PMI 17-C:** Ішкі ақпаратты жария ету

**PMI 18-C:** Компьютер технологиясын пайдалану

**PMI 18-CG2:** Әлеуметтік ақпарат құралдарының нұсқаулары

# КОМПАНИЯ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ҚҰЖАТТАРЫ



# КОМПАНИЯ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ҚҰЖАТТАРЫ

## Біз не істейміз

**Біз шыншыл, әділ түрде және ізетпен байланысамыз.**

Жұртшылықтың PMI компаниясына сенімі ісіміздің ұзақ мерзімді үздіксіздігі үшін маңызды. Осы сенімді сақтау үшін, ресми немесе бейресми үлгіде болсын, барлық сыртқы хабарламаларымыз шын, орынды болуы және жаңылдырмауы тиіс. Біз ішкі хабарларымызда және есептік құжаттарымызда осы тәжірибелерді ұстанамыз.

## Біз оны қалай істейміз

**Қаржылық есептілік нақты және түсінікті.** Инвесторлар біздің сөзіміздің негізінде шешімдер қабылдайды. Қадағалау органдарымен және жұртшылықпен бөлісетін қаржылық есептер және өзге қаржылық ақпарат ісіміздің түсінікті және толық бейнесін беруі керек. Жұртшылыққа ашылмайтын қаржылық немесе іскерлік ақпаратты инвестиция қауымдастығының мүшесіне бермес бұрын, инвестор қатынастары бөліміне хабарласыңыз.

**Біз қолдауымызды жария етеміз.** Компания мүддесіндегі саясат шешімдеріне ықпал етуді көздейтін материалдарды жасақтаудағы міндетімізді жасырмаймыз. Бұл өнімдеріміздің денсаулыққа әсерлері жөнінде біз қаржыландырған жұмыс нәтижелерін, әрі саясат шешімдерін хабарлау мақсатында біз қаржыландырған деректерді немесе пікірлерді үшінші тараптардың атымыздан ұсынуын қамтиды. Егер қаржылық қолдауымыз, жобаға қатысуымыз немесе біреумен қарым-қатынасымыз жөнінде білу біреудің компанияға қатысты тақырыптар жөнінде шешім қабылдауына елеулі фактор болса, оны жария етуіміз қажет болуы ықтималы.

## Нақты есептік құжаттаманы және құжаттарды жүргіземіз.

Нақты есептік құжаттардың болуы қаржылық мәлімдемелермен шектелмейді. Қызметкердің және компанияның іскерлік мәліметтерді хабарлауы нақты, толық және уақтылы болуы керек.

## Заң және компания талап ететін есептік құжаттаманы сақтаңыз.

Барлық үлестес ұйымдардың сақтау керек құжаттарды және ұзақтығын көрсететін сақтау кестесі бар. Бұл кестелер іс жүргізу үшін қажетті мәліметтердің қолжетімділігін және нормативтік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Егер Құқықтық сақтау ескертуін алсаңыз, оның нұсқауларын сақтау керек және онда сипатталған барлық құжаттарды сақтау керек.

## Нені есте сақтауымыз қажет

**Барлығымыз PMI компаниясының сипатын жеткіземіз.** Тек кейбіреулеріміз ақпарат құралдарына, инвесторларға, мемлекеттік органдарға және ғылыми мекемелерге мәлімдемелер жасау бойынша оқудан өткенбіз және оған рұқсатымыз бар, бірақ жұртшылықпен барлығымыз әрекеттесеміз. Шыншыл түрде байланысып, ғылыми дәлелсіз өнімге қатысты денсаулық шағымдарын тіпті отбасымызға және достарымызға түсірмейтінімізді есте сақтаңыз.

## Осы қағидалар ішкі қарым-қатынасымызға қолданылады.

Күнделікті хабар алмасуда шынайы, нақты және толық болыңыз. Түсінікті жеткізуге уақытыңызды бөліңіз. Деректерді пікірмен шатастырмаңыз. Тақырып жөнінде болжам жасау қажет болса, мұның өзіңіз істеп жатқан нәрсе екенін анық айтыңыз. Лауазымдық міндетіңізге кірмесе, өзіңіз жазатын нәрсе бойынша құқықтық бағалау жүргізбеңіз немесе құқықтық пікірлерді ұсынбаңыз.

## Әлеуметтік желінің жеке пайдалануыңыз үнемі жеке бола бермейді.

Жеке әлеуметтік желіні дәстүрлі немесе түтінсіз брендтерді жарнамалау немесе ілгерілету үшін пайдаланбаңыз. Әлеуметтік желіні пайдалану жөніндегі компания ережелерін сақтаңыз. Әлеуметтік желі арқылы айтқан сөзіңіз жұртшылыққа арналған хабарлама болып табылатынын және жеке көзқарасыңыз ретінде емес, компания мәлімдемесі ретінде қате түсінілуі мүмкін немесе байқаусыз компанияның құпиялы ақпаратын жария етуі мүмкін екенін түсініңіз. Біз жұртшылықты жаңылдырмауымыз не инвестиция және құпиялылық заңдарын бұзбауымыз тиіс.

# ҒЫЛЫМИ ТҰТАСТЫҚ





# ҒЫЛЫМИ ТҰТАСТЫҚ

## Біз не істейміз

**Біз адамдар бағалайтын және сенім артатын ғылыммен айналысамыз.**

Зерттеуіміз өнімдерімізді жете түсіну мақсатын көздейді. Бұл біз орындайтын және біз үшін орындалатын барлық ғылыми жұмыстың көлеміне таралады. Басты назар түтінсіз өнімдерімізде, бірақ барлық ғылыми жұмысымыз қатаң, ашық және шынайы болуы тиіс.

Ғылыми жұмысымыздың сенімділігі өнімдеріміздің қабылдануына өте маңызды. Озық әдістерді ұстанбасақ немесе ғылыми тұтастық құндылықтарын елемесек, табысты болмайтынымызды білеміз.

## Біз оны қалай істейміз

**Түтінсіз өнімдерді шынайы, жан-жақты ғылыми әдістермен жасақтаймыз.** Зерттеу жоспарында, деректерді түсіндіруде және нормативтік бағалауда қолданылатын стандарттарды және тиісті зертханалық әдістер мен тиісті клиникалық әдістер қағидаларын ұстанамыз. Су жаңа әдістерді жасақтауда көш бастаймыз. Талаптары жоғары нормативтік органдардың сұрауларына жауап беру немесе оларды асыра орындау үшін кең салалар ауқымындағы ғылыми қызметкерлеріміздің біліктілігін пайдаланамыз.

**Сапаны бақылау және басқа үдерістеріміз деректеріміздің дәлдігін және сенімділігін қамтамасыз етеді.** Жасақтау, бағалау және іске қосқаннан кейінгі бақылау кезеңдерінде түтінсіз зерттеуін жүргізудің жоғары сапалы жүйеміз бар. Ғылыми зерттеу жұмысымызда төте жолдарды пайдаланбаймыз. Зерттеу нәтижелерінің бақылану және шығарып алу мүмкіндігін қамтамасыз етеміз.

**Қорытындылардың сыртқы тексеруін ынталандырамыз.** Түтінсіз зерттеуі рецензия алынатын ғылыми журналдарда жарияланады және ғылыми деректерді жұртшылыққа жария етіп, ғылыми тұжырымдарды негіздейміз. Біз сыртқы зерттеушілермен белсене араласамыз және олардың қорытындылары бойынша әрекет етеміз.


## Нені есте сақтауымыз қажет

**Ғылыми зерттеуіміз белгілі бір нәтижелерді талап етпей ешбір қысымсыз жүргізіледі.** Жұмыс істеу жолымыз барлық ғылыми қызметкерлерімізді тәуелсіз әрекет етуге және ғылыми мәселелер жөнінде ойларын жеткізуге ынталандырады. Ғылыми жобада жұмыс істеп жатқан әрбір тұлға ғылыми бұзушылық болуы ықтимал жайт жөнінде ашық айтуға міндетті.

**Адамдар біз беретін ғылыми ақпарат негізінде маңызды шешімдер қабылдайды.**

Ғылыми нәтижелерді хабарлау, компания мәлімдемелерін беру немесе тұтынушыға бағытталған шағымдар түсіру алдында біздің белгіленген ішкі сараптама үдерісімізді орындаңыз. Ғылыми мәселелер жөнінде хабарламас бұрын негізгі ғылымды түсініңіз.

# ҚАРЖЫ ЖӘНЕ САУДА



# ҚАРЖЫ ЖӘНЕ САУДА

## Біз не істейміз

**Біз өнімдеріміздің заңсыз саудасының және компания ресурстарын теріс пайдаланудың алдын алуға көмектесеміз.**

Дүниежүзіндегі көптеген шылым шегушілер өзгелерге қарағанда біздің брендтерді қалайды. Бұл шынымен өте жақсы, бірақ, кеден немесе салық заңдарын бұзып, өнімдерімізді контрабандалық жолмен жеткізіп сатуға немесе компаниямыздың атын ақшаны жылыстату үшін пайдалануға жол ашып қоюда. PMI стандарттары анық: Біз контрабанданы немесе ақшаны жылыстатуды қабылдамаймыз, оған жол бермейміз, жеделдетпейміз не қолдамаймыз. Біз өнімдеріміздің заңсыз саудасын тоқтату үшін ел үкіметтерімен бірігіп жұмыс істейміз. Осы тұстағы сенімділігіміз стандарттарымызға кері әсер етуі мүмкін іс-әрекеттерге немесе тәжірибелерге сақтық танытуымызға байланысты.

## Біз оны қалай істейміз

**Қылмыстық қанаудың алдын алуға арналған іскерлік тәжірибелеріміз бар.** Ақшаны жылыстату – жеке тұлғалар немесе ұйымдар заңсыз жолмен табылған қаражат көзін жасыру әрекетін орындайтын немесе осындай қаражаттың көзін заңды ретінде көрсететін үдеріс. PMI компаниясы қылмыстық жолмен табылған ақшаны немесе құны ақшаға тең заттарды алуды болдырмау рәсімдерін пайдаланып, ақшаны жылыстатуға қарсы заңдар талаптарын орындайды. Контрабанданы болдырмау үшін үлестес ұйымдар тұтынушы саудасының көлемдерін бақылайды және өнімдеріміздің заңсыз жылыстатылуын сезіктенсе, шара қолданады.

**Біз ықтимал жаңа тұтынушыларды, жеткізушілерді және үшінші тарап өндірушілерін саралаймыз.** Біз бақылау және адалдық жөніндегі стандарттарымызды ұстанатындармен ғана іс жүргіземіз. Ішкі бақылау бөлімінің іскерлік серіктестермен ықтимал мәселелерді айқындау үдерістері бар. Өзіміз сақтауға тиіс сауда санкциялары енгізілген елдермен, режимдермен, ұйымдармен немесе жеке тұлғалармен іс жүргізбеу үшін екі қайтара тексеріп алыңыз. Бұл саралау жаңа іскерлік қатынасқа енбес бұрын жүргізілуі керек.

**Біз бойкотқа қарсы шектеулерді орындаймыз.** АҚШ заңы бойынша PMI компаниясы шетелдік бойкоттарға қатысты АҚШ Үкіметіне есеп беруге міндетті және АҚШ Үкіметінің саясатына қайшы шетелдік бойкоттарға қатысты өтініш бойынша ықпалдаспауға міндетті. Қызметкерлер заңсыз шетелдік бойкотқа қатысу деп есептелуі мүмкін шара қолданбауы, ақпарат бермеуі немесе мәлімдеме жасамауы керек. Тыйым салынған халықаралық бойкоттар туралы ағымдағы ақпарат Заң бөлімінде бар.

## Нені есте сақтауымыз қажет

**Тұтынушыңызды және өзге қаржы мен сауда стандарттарының жұмысты жылдам істеуге және бәрімізді қиындықтардан құтқаруға көмектесетінін біліңіз.** Компанияның тұтынушыларды және өзге үшінші тараптарды тексеру тәжірибелері қиын болып көрініп, уақыт алуы мүмкін, бірақ олар ісімізді тиімдірек етуге және заңды түрде жүргізуге көмектеседі. АҚШ және өзге елдер бірқатар елдермен және мыңдаған жеке тұлғалармен іс жүргізуге шектеулер қояды және олардың тізімі күн сайын өзгеріп тұрады. Жүйелеріміз бұзушылықтарды болдырмауға және мемлекеттік орган өтінішіне жауап беру үшін қажетті ақпаратты жинауға көмектеседі.

**PMI 9-C:** Жеткізушіні білу

**PMI 10-C:** Тұтынушыны білу және ауытқудан қорғау

**PMI 11-C:** Қабылданатын төлем түрлері

**PMI 15-C:** Салық салу

# МҮДДЕ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ СЫЙЛАР МЕН ӨКІЛДІК ШЫҒЫНДАР

---



# МҮДДЕ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ СЫЙЛАР МЕН ӨКІЛДІК ШЫҒЫНДАР

## Біз не істейміз

**Біз әділ және алаламайтын шешімдер қабылдаймыз.**

Жеке, әлеуметтік, қаржылық немесе саяси іс-әрекеттер қызметкердің жұмыс жауапкершіліктерімен қабаттасқан кезде мүдде қайшылықтары орын алады. Мүдде қайшылықтарының көбісі PMI компаниясымен іс жүргізігі келетін компанияда жұмыс істейтін жақын туысының болуы сияқты жеке қатынастарды қамтиды. Жұмыс шешімдеріміз жеке өзіңізге емес, PMI компаниясына ұтымды болатын нәрсеге негізделу керек. Даудың болуы міндетті түрде мәселе емес. Мүдде қайшылығы талаптарымыз кәсіби алаламауға әсер етуі мүмкін дауларды жария етуді, қарап шығуды және салдарын барынша азайтуды талап етіп, әділ шешім қабылдауды қолдайды. Осылайша, сыйлар мен өкілдік шығындар жөніндегі ережелеріміз кәсіби шешімге ықпал етуі мүмкін ешбір нәрсені алуға немесе ұсынуға тыйым салады. Бұл дұрыс шешімдер қабылдау үшін бір-бірімізге сенім арта алатынымызды білдіреді және істі шынайы түрде жүргізу беделімізді қалыптастырады.

ҚОСЫМША  
АҚПАРАТ  
АЛУ

**PMI 13-C:** Мүдде қайшылықтары

**PMI 14-C:** Мемлекеттік қызметкерлермен және іскерлік серіктестермен әрекеттесу. Саяси қызмет

## Біз оны қалай істейміз

**Ықтимал мүдде қайшылықтарын жария етіңіз.** Жеке өміріңіз жеке болып табылады. Компания бұны ескереді, бірақ жеке мүдделеріңіз кәсіби міндеттеріңізбен қабаттасуы мүмкін жағдайлардың бар-жоқтығын білгісі келеді. Тіпті егер мәселені көмексіз шеше аламын деп ойласаңыз да, ықтимал мүдде қайшылықтарын Әдеп және бақылау бөліміне жария ету керек. Адамдардың көбісі бәсекелі жеке мүдделермен кезіккен кезде әділ шешімдер қабылдау жөніндегі жеке қабілетін асыра бағалайды. Әділдікті сынаудың дұрыс жолы – әдетте даудың салдарын барынша азайту жолдарын таба алатын өзге тұлғаларды тарту.

## **Өзгелердің кәсіби шешіміне кері әсер етпеу үшін сыйлар немесе өкілдік шығындар ұсынбаңыз.**

Сыйлар мен өкілдік шығындарды беру іскерлік қарым-қатынас құрудың және құрмет көрсетудің орынды жолы. Бірақ сыйлар мен өкілдік шығындар іс жүргізетін адамдардың әділдігіне ықпал ету үшін пайдаланылмауы қажет. Толығырақ мәлімет сыйлар ережелерінде қамтылған. Үнемі ақыл-ойды пайдаланыңыз және шектен тыс немесе әдетті емес немесе әріптестеріңізді немесе компанияны ұятқа қалдыратын нәрселерден аулақ болыңыз. Күмәнді немесе жыныстық тұрғыдан шектеулі шараға қатыспаңыз. Жалпы, күнтізбелік жылда 250 АҚШ долларынан асатын сыйларды беру үшін рұқсат алу қажет; үлестес ұйымдар төмендеу шектерді белгілей алады.

## **Кәсіби әділдікке ықпал етуі мүмкін сыйларды немесе өкілдік шығындарды қабылдамаңыз.**

Компанияның сыйлар жөніндегі ережелерін бұзатын немесе әріптестеріңізді немесе компанияны ұятқа қалдыратын нәрселерді қабылдамаңыз. Күнтізбелік жылда белгілі бір құннан жоғары сыйлар мен өкілдік шығындарды қабылдау үшін рұқсат алу қажет болуы мүмкін, сондықтан тиісті PMI әдістерін немесе жергілікті шектерді тексеріп шығыңыз.

## Нені есте сақтауымыз қажет

**Мүдде қайшылықтарын жария ету үдерісі қарапайым, құпия және әділ.** Компания мүдде қайшылықтарын жария ету үшін қызметкерлерге қарапайым құралдарды береді. Негізінде, ықтимал даулардың көбісі қатысатындарға тиісті шарттар қойылып шешімін табады. Тек білуі қажет адамдар мүдде қайшылығын жария етуді тексереді.

**Жақын туыс деген кім?** «Жақын туыс» — зайыбы, ата-анасы және өгей әке-шешесі, балалары және өгей балалары, іні-ағалары және қарындастары-сіңлілері, өгей іні-ағалары және өгей қарындастары-сіңлілері, жиендері, ағалары және апалары, атасы және әжесі, немерелері және қайын жұрты. «Жақын туыс» ережелері әрі жақын жеке қарым-қатынаста болатын адамды қамтиды. Егер адамның «жақын туысқа» жататынына күмәніңіз болса, кеңес алу үшін Әдеп және бақылау бөліміне хабарласыңыз.

**Сыйлық бермейтін жағдайларға сыйларға қатысты ережелерді қолданбаңыз.** Сыйлықтың не екенін түсініп алыңыз. Түтінсіз өнімдерге бағытталған жұмысымыз аясында саясаткерлермен және өзге тұлғалармен араласқан кезде бізде кейде жеке пайдалануға емес, хабардар ету және тексеру мақсаттарына арналған құрылғыны немесе бірнеше шығыс материалын қалдырып кететін жайттар болады. Осы қалдырып кететін нәрселерді реттейтін ережелерді түсініп алыңыз.

## Мүдде қайшылығын жария ету

Біздің [электрондық үлгімізді](#) пайдаланыңыз немесе тікелей Әдеп және бақылау бөліміне хабарласыңыз. Жайт құпия түрде сақталуы қажет деп ойламасаңыз, супервайзеріңізге хабарлаңыз.

# ЖАБДЫҚТАУ ТІЗБЕГІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ



# ЖАБДЫҚТАУ ТІЗБЕГІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

## Біз не істейміз

Біз ұзақ мерзімді өрлеуге ниеттіміз.

Ұзақ мерзімді өрлеуге жету ішкі және сыртқы жабдықтау тізбектерінің тұрақтылығына байланысты. Біз қызметіміздің қоршаған ортаға әсерін азайтамыз және өзіміз тәуелді табиғи ресурстар тұрақтылығын қолдаймыз.

Балалар еңбегіне және мәжбүрлі еңбекке қатысты мәселелерді маңызды деп есептейміз және оларды шешуге атсалысамыз. Бұл іс-әрекеттер іскерлік нәтижелерді жақсартады және қызмет ететін аймақтағы жұртшылықтың өмір деңгейін арттырады.

## Біз оны қалай істейміз

**Біз көміртек ізін азайтып келеміз.** Жабдықтау тізбегінің көміртек ізін азайту үшін жылдық, бес жылдық және жиырма жылдық межеміз бар. Бастамаларымыз ауыл шаруашылығы өндірісінде тұрақтылықты қамтиды, соның ішінде ормандардың жойылуы, қуат пен су тұтынуы, қайта өңдеу және CO<sub>2</sub> шығарындылары. Біз орындалу барысын жыл сайын жария етеміз.

## Біз жабдықтау тізбегінде бала, мәжбүрлі еңбек және өзге еңбек бұзушылықтарын жоюға тырысамыз.

Біз бала еңбегін немесе мәжбүрлі еңбекті қабылдамаймыз және компаниямызға балаларды жұмысқа алмаймыз не мәжбүрлі түрде еңбек еткізбейміз. Дақылдар тұрақтылығын жақсарту үшін қожалықтардың басшыларына озық ауыл шаруашылығы тәжірибелерін жеткіземіз. Біз қожалықтардың басшыларынан Ауыл шаруашылығы еңбегінің тәжірибелері ережелерінің талаптарын орындауын күтеміз. Қайырымдылық бағдарламамыз ауылдық мекендерге мүмкіндіктер ашуға көмектеседі.

## Жеткізушілерімізден Жауапты көз қағидаларымызды ынталы және ашық түрде орындауын күтеміз.

PMI компаниясында біз ісімізді адам құқықтары, қоршаған ортаны қорғау, іс тұтастығы бойынша және жемқорлыққа қарсы бағытталған халықаралық деңгейде белгіленген қағидаларға сәйкес жүргізуге ниеттіміз. Жеткізушілерімізбен бірге үздіксіз жабдықтау тізбегін құруға бағытталған бірлескен іс-шараларымыздың іскерлік қарым-қатынасымызды нығайтуға және тиісті компанияларымызға пайда әкелуге сан алуан мүмкіндіктер ұсынатынына сенеміз.

## Нені есте сақтауымыз қажет

**Біз талаптарды орындауға және адалдыққа деген міндеттемемізді ортақтасатын жеткізушілермен жұмыс істейміз.** Жабдықтау тізбегінде жұмыс істейтіндерді таңдау және серіктестер мен жеткізушілердің жұмыс істеуі беделімізге және қызметімізге әсер етеді. Егер жаңа жеткізушіні таңдап жатсаңыз немесе ағымдағысын қайта бағалап жатсаңыз, олардың қағидаларды түсінетінін анықтаңыз және стандарттарымызға кері әсер етуі мүмкін нәрселерге сақтық танытыңыз.

# СУПЕРВАЙЗЕР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ





# СУПЕРВАЙЗЕР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Ұйымымыздың мәдениеті іс-әрекеттерімізге ықпал етеді.

**Көптеген факторлар корпоративті мәдениетті қалыптастырады.** Мысалы, ұжым ретінде жұмыс істеу жолы, шыншылдық беделі, ұйым әділдігі, бір-бірімізге және тұтынушыларға көрсететін құрмет, корпоративті саясаттарды түсіну, бәсекелі қысым және тіпті өсек жағымды немесе жағымсыз жағынан корпоративті мәдениетке үлесін қосады. Өзгелерді басқаруды компания сеніп тапсырған тұлғалар корпоративті мәдениетті және ұжымның жұмыс ортасын қалыптастыруға ерекше жауапты болады.

**Барлық супервайзерлер ұжымдарының мына әрекеттерді жасауын қамтамасыз етуі қажет:**

Осы Нұсқаулықты және жұмысына қатысты PMI қағидалары мен тәжірибелерін білу және түсіну.

Осы Нұсқаулықтың және PMI қағидалары мен тәжірибелерінің әділ және бірізді түрде қолданылатынын түсіну.

Әдеп және бақылау мәселелері жөнінде ашық айтудан тайынбау және компаниядан алаңдаушылықтарды тыңдайтынын күту.

Ісімізді шыншылдықты, әділдікті және ізетті көрсетіп, адалдықпен жүргізетінімізді көру.

**Тиісті салтты сақтау қызметкерлерге ережелерді сақтауға шақырудан едәуір қиындау.** Бәрінен бұрын, бұл шынайы жетекшілікті талап етеді. Адалдықпен әрекет етудің не екенін көрсетіңіз. Осы Нұсқаулықтағы тақырыптар туралы сөз қозғап, ұжымның сеніміне кіріңіз. Сұрақтар қойыңыз, тыңдаңыз және олардың айтқанымен әрекет етіңіз.

**Басқаларды басқару батылдықты талап етеді.** Бірізділік және сенімділік бірге жүреді. Көшбасшы болудың көпшіліктен көңілінен шығу немесе мінезі ауыр топ мүшесін тоқтату ғана емес екенін біліңіз; ол өзгелерді өзіңізге ертуге, қауымдастық рухын қалыптастыруға және дәйекті дәлелдер келтіруге шақырудан тұрады.

**Егер біреу ықтимал бұзушылық жайты жөнінде ашық айтса, олардың қызметкер ретінде міндетін пайдаланатынын және оларға құрметпен қарау қажет екенін есте сақтаңыз.** Өзіңіз тергеменіз. Компанияның алаңдаушылықты әділ түрде шешуі үшін осындай мәселелермен дереу Әдеп және бақылау бөліміне хабарласыңыз.

**Сенім екі жақты болуы қажет.** Егер әдеп және бақылау салтын қалыптастыру үшін супервайзеріңіз көбірек күш жұмсауы қажет деп ойласаңыз, супервайзеріңізге немесе компаниядағы басқа тұлғаларға айтыңыз.

# ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ ЖӘНЕ БАС ТАРТУ

---

Бұл Нұсқаулық PMI компаниясының барлық жұмыскерлеріне, лауазымды тұлғаларына және директорларына және оның атынан іс жүргізетін кез келген тұлғаға қолданылатын міндетті талаптарды қамтиды. Осы Нұсқаулықты немесе Бақылау қағидалары мен тәжірибелерін бұзу еңбек шартын тоқтатуды қоса тәртіптік жазаға әкелуі мүмкін.

Осы нұсқаулық кітапшасының қандай да бір ережесінен бас тарту директорлар кеңесінің бекітуінсіз қабылданбайды.

Бұл Нұсқаулық Philip Morris International Inc. компаниясына және оның бірігіп Philip Morris International, PMI немесе компания деп аталатын тікелей және жанама еншілес компанияларына қолданылады.

© Philip Morris International Management SA



